

3-мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Адилхан.Ж педагогтердің оқу жылына арналған міндетті құжаттарын жүргізу тәртібімен таныстырды.

Педагогтердің перспективалық жоспары мен циклограммасы белгіленген талаптарға сәйкес әзірленуі және жүргізілуі қажеттігі түсіндірілді.

Қолданыстағы талаптарға сәйкес мектепке дейінгі ұйым педагогтері құжаттарды қағаз немесе электрондық форматта жүргізе алады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтердің 2026–2027 оқу жылына арналған перспективалық жоспарлары белгіленген тәртіппен әзірленіп, бекітілсін.
2. Циклограммалар тәрбиелеу-білім беру процесінің перспективалық жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Педагогтердің құжаттарды жүргізу сапасына әдіскер Адилхан бақылау жүргізсін.

4-мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Адилхан тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіз орта қалыптастыру мәселесіне тоқталды. Балалардың балабақша аумағында, топ бөлмелерінде, серуен кезінде және ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау, жарақаттанудың алдын алу бойынша жұмыстарды жүйелі жүргізу қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған қауіпсіздік талаптарының орындалуы қамтамасыз етілсін.
2. Тәрбиешілер балаларға жас ерекшеліктеріне сәйкес қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын тұрақты жүргізсін.
3. Топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қауіпсіз және дамытушы заттық-кеңістіктік орта ұйымдастырылсын.

5-мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиеші Фурманова АУ балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамыту мәселесі бойынша баяндама жасады.

Баланың эмоционалдық жағдайын ескеру, қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру, өз ойын білдіруге, басқа балалармен ынтымақтастықта әрекет етуге үйрету қажеттігі айтылды.

Педагогтерге балалармен қарым-қатынаста қолдау көрсететін, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыратын әдіс-тәсілдерді пайдалану ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: